**16202422-1 Конкурс комиссиясына**

16202422-1 "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" ЖШС үшін Автобусты жүргізушісімен жалға алу қызметі конкурсның қорытынды хаттамасымен келіспейтінімізді хабарлаймын. 16 қосымша техникалық ерекшелікте **Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:** бөлігінде **3.Жеткізушіде жылдық техникалық байқаудан өткені туралы құжат болуы тиіс** және **6. Апаттық шығу үшін алғашқы көмек жинағымен, өрт сөндіргішпен және балғамен жабдықталуы керек** делінген алайда "Tandau Finance" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және "QAZAQ Group-05" ЖШС өнім берушілерде жоғарыда көрсетілген талаптарға дәлелдеме құжаттар берілмеген және материялдық ресурс ретінде конкурстық өтінімінде көрсетпеген демек Мемлекеттік сатып алу заңның 11 бап .7 тармағы және Қағидалардың 212-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, егер әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы конкурстық құжаттаманың 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбаса, сондай-ақ толық емес ұсынса, бұл әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылмайды) конкурсқа жіберілмейді

Жоғарыдағы заң бұзушылықтарды ескере отырып "Tandau Finance" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және "QAZAQ Group-05" ЖШС өнім берушілерді конкурсқа жіберілмеді деп тануыңызды сұраймын.

АдайТрансКом ЖШС
директоры

Далмаганбетова Ж.А